

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

23.11.2017 ж.
сағ.: 11:01

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, комиссия төрағасы.

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, М. Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқарма басшысының м.а., Т.А. Қалқаманов - ММРК «Резерв» РМК Бас директорының м.а., Ж. Т. Баякова – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспағандар: Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – еңбек демалысында (2017 жылғы 09 қарашадағы №78-о бұйрығы).

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша келіп түскен тендерге қатысу өтінімдерін қарастыру.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №1541- 1567, №1568-1722, №1723-1762, №1763-1819, №1820-1822, №1824-1880, №1881-2066, №2091-2122 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету (бұдан әрі – Қағидалар).

3. 2017 жылғы 22 қарашадағы №1626/КГМР жеке тұлға Бахыт Аширбекович Султановтың өтініші негізінде 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №49 сатып алу - сату шартының бұзылуына байланысты 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін № 217, №218, №219, №220, №221, №222, №223, №224, №225, №226, №227, №228, №229, №230, №231, №232 лоттарымен толықтыру мәселесін қарастыру.

Тендер 2017 жылғы 16 қарашадағы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған хабарлама негізінде мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімдердің соңғы тапсыру мерзіміне дейін тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғалардан келіп түсті:

№ р/с	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекен-жайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	Ж.т. Альчиканов Адлет Даулетович	1	ШҚО, Семей қ., 58 үй, 13 пәтер	21.11.2017 ж.	15:08
2	Ж.т. Ли Феликс Эликович	1	Алматы қ.	22.11.2017 ж.	14:35
3	«ЛБЛ-Группстрой» ЖШС	1	Астана қ, 38 көш, 20 үй, 20 пәтер	22.11.2017 ж.	17:25
4	«Азия Гранд. kz» ЖШС	1	Астана қ, Кенесары көш, 51 үй	22.11.2017 ж.	17:35
	Барлық конверттер	4			

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

Тендерлік комиссия тендерге қатысу өтінімін конверт ашылғаннан кейін Қағидалардың 11,13-тармақтарына сәйкестігін қарастырды.

1. **Ж.т. Альчиканов Адлет Даулетович (№897 лот)** тендерге қатысу өтінімі тігілген, тігілген 2 парақта, нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) 20.11.2017 жылғы №2202049 төлем тапсырмасы.

2. **Ж.т. Ли Феликс Эликович (№303, №834, №928 лоттары)** тендерге қатысу өтінімі 2 парақта:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

(Handwritten signatures and marks at the bottom of the page)

3) 21.11.2017 жылғы № 21299 аудару туралы өтініші, 21.11.2017 жылғы № 21298 аудару туралы өтініші, 21.11.2017 жылғы № 21297 аудару туралы өтініші.

3. «ЛБЛ-Группстрой» ЖШС (№855 лот) тендерге қатысу өтінімі тігілген, 21 парақта нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- 4) 21.11.2017 жылғы № 120-06/53578 жылғы «Цеснабанк» АҚ астаналық филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 5) 22.11.2017 жылғы № 1 төлем тапсырмасы.

4. «Азия Гранд kz.» ЖШС (№2070-№2089 лоттары) тендерге қатысу өтінімі тігілген, 26 парақта нөмірленген:

- 1) Тендерлік өтінім;
- 2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- 3) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) 20.11.2017 жылғы №301/23/46/1025 «Сбербанк» ЕБ АҚ филиалының берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 5) 21.11.2017 жылғы № 29 төлем тапсырмасы.

1. Тендер комиссиясы талдаудан және бағалау нәтижелері бойынша ашық түрде дауыс беру жолымен кері қайтару туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

Тендерге қатысуға өтінімі Қағидалардың 21-тармағына сәйкес тігілмеген, нөмерленбегендігіне байланысты **Ж.т. Феликс Эликович Ли № 303, №834, №928 лоттары** бойынша тендерге қатысу өтінімін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Қағидалардың 35 және 36 тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен келесі үміткерлерді тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

Жалғыз қатысушы ретінде № 897 лот бойынша жалпы бағасы 6 642 587 (алты миллион алты жүз қырық екі мың бес жүз сексен жеті) теңге 40 тиынмен ж.т. Адлет Даулетович Альчикановтың тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 855 лот бойынша жалпы бағасы 2 214 195 (екі миллион екі жүз он төрт мың жүз тоқсан бес) теңге 80 тиынмен «ЛБЛ-Группстрой» ЖШС тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 2070 лот бойынша жалпы бағасы 275 000 (екі жүз жетпіс бес мың) теңгемен «Азия Гранд. kz» ЖШС тендерге қатысу өтінімін;

(Handwritten signatures and initials)

Жалғыз қатысушы ретінде № 2086 лот бойынша жалпы бағасы 2 750 000 (екі миллион жеті жүз елу мың) тенгемен «Азия Гранд. kz» ЖШС тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 2087 лот бойынша жалпы бағасы 2 750 000 (екі миллион жеті жүз елу мың) тенгемен «Азия Гранд. kz» ЖШС тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 2088 лот бойынша жалпы бағасы 5 500 000 (бес миллион бес жүз мың) тенгемен «Азия Гранд. kz» ЖШС тендерге қатысу өтінімін;

Жалғыз қатысушы ретінде № 2089 лот бойынша жалпы бағасы 5 500 000 (бес миллион бес жүз мың) тенгемен «Азия Гранд. kz» ЖШС тендерге қатысу өтінімін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарап, Қағидалардың 41,42 тармақтарына сәйкес ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ:**

2. №1541-1567, №1568-1722, №1723-1762, №1763-1819, №1820-1822, №1824-1880, №1881-2066, №2091-2122 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. 2017 жылғы 22 қарашадағы №1626/КГМР жеке тұлға Бахыт Аширбекович Султановтың өтініші негізінде 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №49 сатып алу - сату шартының бұзылуына байланысты 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесін № 217, №218, №219, №220, №221, №222, №223, №224, №225, №226, №227, №228, №229, №230, №231, №232 лоттарымен толықтырылсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 23 қарашадағы өзгерістерді есепке ала отырып 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Интернет-ресурсында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 23 қарашадағы сағат 11.33-де жабылды деп есептелсін.



Қосымша: 2017 жылғы 23 қарашадағы өзегістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 45 бетте.

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:

Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б. К.



Шәкірбаев М.С.




Рахаев М.Н.



Әжіғұлова М.Ж.



Қалқаманов Т.А.



Комиссия хатшысы:

Баякова Ж.Т.

